

ХАТТАМА №1

Қатысқаны: 80

Мерзімі: қыркүйек, 2022 жыл

«Бала қауіпсіздігі- басты назарда» тақырыбындағы жалпы ата-аналар жиналысының

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:

1. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы: ҰБТ, жаналықтар мен өзгерістер
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. К. Жаржанова
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесі туралы.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Ж. Рахметова
3. Жасөспірімдер мен мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу
КТІЖ мектеп инспекторы Н.Ж. Қиюбек
4. «Балаға жан-жақты қолдау қажет»
Мектеп психологы А. Ғ. Саин
5. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. К. Жаржанова:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет.

Әрбір білім беру ұйымының міндеті-ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек:

- ✓ білім алушылардың білімін толықтыру;
- ✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- ✓ білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ✓ цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- ✓ инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

ҰБТ – жоғары оқу орындарына түсу емтиханы.

1. 11 сынып оқушысын қорытынды аттестаттау бітіруші емтихан нысанында мектепте бес пәннен,оның ішінде 4 міндетті (ана тілі, екінші тіл, алгебра және анализ бастамалары, Қазақстан тарихы) және оқыту бейіні (ҚІБ және ЖМБ) ескеріле отырып 1 таңдау бойынша пәннен өтеді.

Барлық емтихандар, оның ішінде тестілеу де білім алушының өзі оқитын мектебінде өтеді. Емтихандардың тізбесі және нысаны мынадай:

1) Ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан. Эссеге 3 астрономиялық сағат беріледі.

Ұсынылған үш тақырыптан оқушы бір тақырыпты таңдайды. 250-300 сөзден тұратын эссе жазуы қажет.

Эссе тақырыбын таңдағаннан кейін бітірушілер негізгі идеяны анықтауы (ол не туралы?), проблеманы жинақтауы, дәлелдер жазуы, тіл құралдарын және тілдік әдістерді (салыстырулар, эпитеттер, метафоралар, риторикалық сұрақ, кіріспе сөздер мен ұсыныстар т.б.) пайдалануы, эссенің жалпы қорытындысын қалыптастыруы керек. азақ тілінен эссенің үлгілік тақырыптары

1. Саяхатшылар өзі келген елдің салт-дүстүрін сақтауға міндетті ме?
2. Ғылыми-технологиялық прогресс адамдарға әсер етеді деп ойлайсыз ба?
3. Киноөндіріс жастарға өз әсерін тигізеді деп ойлайсыз ба?

Барлық жұмыстарға бірыңғай бағалау өлшемшарттары қолданылады.

2) Алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтиханға 5 астрономиялық сағат беріледі. Бұл емтихан 5 тапсырмадан тұрады.

Тапсырмалар математикалық фактілерді, түсініктерді және тәсілдерді меңгеру деңгейін анықтауға, есеп шығару және логикалық тапсырмаларды шешу дағдыларын, функционалдық сауаттылығын білуге бағытталған.

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан (билет бойынша);

Әр билетте 3 сұрақтан болады. Екі сұрақ Қазақстан тарихының барлық курсының негізгі бөлімдерінен теориялық сұрақтар, 3-ші сұрақ шығармашылық тұрғыдағы тапсырма (карта, кескіндер, портреттер, хронологиялық кестелер пайдалану арқылы тапсырмалар т.б.).

4) Орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу (берілген уақыт 80 минут, барлығы 40 сұраққа 40 балл);

Бұл пәндердің тапсырмаларының саны мен нысаны мынадай болады.

Лексикалық-грамматикалық блок – 20 тест тапсырмасы бір дұрыс жауабын таңдау арқылы;

«Тыңдалым» блогы – 10 тест тапсырмасы

(2 мәтін, 200-250 сөз);

«Оқылым» блогы – 10 тест тапсырмасы (2 мәтін, 200-250 сөз).

5) Таңдау бойынша бір пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика пәндерінің біреуін таңдайды) тестілеу.

мұнда барлығы 40 тест тапсырмасы болады (80 минут, 40 сұраққа – 60 балл беріледі),

оның 20 сұрағы бір дұрыс жауабын табу арқылы (20 балл беріледі), 20 сұрағы бірнеше дұрыс жауабын табу арқылы (40 балл беріледі).

Екі пән бойынша тестілеу мектепте бір күнде өтеді

Емтиханға берілген бағалаумен келіспеген жағдайда, бітіруші келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін аудандық, қалалық білім бөлімдерінің және облыстық білім басқармаларының жанынан құрылған комиссияға шағымдануына болады. Қорытынды аттестаттаудың барлық материалдарын дайындауды және білім басқармаларына дейін жеткізуді Ұлттық тестілеу орталығы, ал мектептерге дейін жеткізуді білім басқармалары ұйымдастырады.

Жазбаша және ауызша емтиханды бағалауды, берілген дұрыс жауап кодтары негізінде жауап парақтарын тексеруді мектепте құрылған емтихан комиссиясы әр пән бойынша жүргізеді. Қорытынды аттестаттаудың материалдары (жауап парақтары, сұрақ кітапшалары т.б.) мектепте бір оқу жылы бойында сақталады.

«Алтын Белгі» иегерлері, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық, республикалық олимпиадалардың, ғылыми жобалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері ҰБТ-ны жалпы негізде тапсырады, сондай-ақ балл саны бірдей болған жағдайда білім беру гранттарын алу басымдығы оларға беріледі (Мысалы, егер бітіруші және «Алтын

Белгі» иегері де 122 балл алса, грант «Алтын Белгі» иегеріне беріледі. Егер бітіруші көбірек балл жинаған жағдайда, «Алтын Белгі» иегеріне басымдық берілмейді).

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5 халықаралық олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне арнайы гранттар бөлінеді.

Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Ж. Рахметова:

«Мектептің ішкі тәртіп ережесін бекіту туралы» 23.11.2015ж №414-Ү күнгі Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің, Ақтөбе облысы әкімдігінің 11.12.2020 ж күнгі №448 қаулысы және ҚР Әділет министрлігінің 12.01.2021ж күнгі № 67 бұйрығымен бекітілген мектеп Жарғысы, осы Жарғыны басшылыққа алып әзірленген ұжымдық шарт негізінде, 2022 жылғы 31 тамыз күнгі №1 педагогикалық кеңес қаулысы негізінде бекітілген.

Типтік ережелер – бұл жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы еңбек қарым- қатынасы Заңына сәйкес негізделген құжат. Ұйымдағы МТТЕ еңбек тәртібін, жұмыстың ішкі ережелерін, қызметкерге қатысты көтермелеу және шара қолдану тәртібін анықтайды, еңбек келісім шартын жасасқан екі жақтың жауапкершіліктері мен міндеттерін, құқықтарын және қызметтің т.б талаптарын белгілейді. Мектепшілік типтік ереже негізінде құрастырылады және ұжымдық шартқа қосымша бола алады. I.Ереженің басты мақсаты мектептің еңбек ұжымның жұмысын дұрыс ұйымдастыру, жұмыс уақытын тиімді қолдану, қызметкердің сапасын және тиімділігін арттыру, еңбек тәртібін, өмір қауіпсіздігін және балалардың құқығын нығайту болып табылады.

Еңбек тәртібі – бұл ішкі еңбек тәртіп ережелерін тек қатаң сақтау ғана емес, сонымен бірге өз жұмысына саналы түрде және шығармашылықпен қарап, оның сапалығын қамтамасыз етіп, жұмыс уақытын өнімді қолдану.

Оқушылардың мектеп формасы комплектісіне:

1.Қыз балаларға арналған мектеп формасы

Ақ түсті кофта

Қара немесе көк түсті юбка, (ұзындығы тізеден 5 см түсетін)

Ақ бантик

Қара галстук (7-11 класс үшін)

Қара немесе ақ түсті туфли

2. Ұлдарға арналған мектеп формасы

Ақ жейде

Қара түсті шалбар

Қара галстук(7-11 класс үшін)

Қара туфли

арты жоқ екінші аяқ киім (шлёпка, сланцы және т.б.), кроссовка, кеды, биік өкшелі аяқ киім, діни үлгідегі киімдер (хиджаб, никаб, бурка, паранджа, сикх тюрбан және нуд бас киімі, «үлкен» христиан кресті және т.б.) киюге, кейбір дене бөліктерін (қарын, бел, төс) жартылай айқындайтын киім киюге;

2) шашты ашық түске бояу, назарды аудартатын косметика, маникюр, зергерлік бұйымдарды қолдануға, көзді жауып тұратын шаш үлгілерін қидыруға;

Мектеп формасы жайлы талаптарды сақтамаған оқушыларды мұғалімдер, класс жетекшілері қайтарып немесе ата-анасына хабарласып, ретке келтіруге болады және мұны мектеп әкімшілігіне хабарлауы тиіс мәселелер туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша КТЖ мектеп инспекторы Н. Ж. Қиюбек:

Жастар туған мемлекетімізді баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар. Ол үшін әрбір жас еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-жақты

сезіну керек. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Дегенмен тәрбиесі мол. «Тәртіпке бас иген адам құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деп Б.Момышұлы айтқандай, еңбек тәртібін сақтап, заңды құрметтеп, тыныш жүрсе, одан ешкім де ұтылмайды. Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру.

Жалпы, құқық тәртібін бұзуға бейім балалар қайдан шығады? Жасыратыны жоқ, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасаған, сөйтіп ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ал енді бір тобы кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс уақыттарында немен айналысып жүргендерін қалағаламауынан пайда болады. Осыған байланысты жас ұрпаққа құқықтық тәрбие беру – жан-жақты тәрбиенің маңызды бір саласындағы жасөспірімдердің құқықтық тәрбиесі болып табылады. Мектеп инспекторы мектеп оқушылар мен жасөспірімдердің тікелей қатысуымен жасалған ұсақ және ірі құқықбұзушылықтар, жол- көлік оқиғалары, профилактикалық рейдтер мен жоспарлы іс- шаралар туралы статистикалық мәліметтерді ата- аналар назарына ұсынып, құқықбұзушылықтар үшін ата- аналар жауапкершіліктері туралы ақпараттарды түсіндірді.

Мектеп психологы А. Г. Саин ата- аналармен психологиялық тренинг ұйымдастырып, тренингтің мақсатын ашуда ата- аналармен пікірлесу жасады. «Балаға жан- жақты қолдау қажеттігін алға тарта отырып, түсіндірмелер мен қажетті негіздемелерді ата- аналардың назарына ұсынды.

Бәрі де оқудың ойдағыдай болып, көп ынғайсыздық тудырмауын қалайды. «Сен мектепте қалай оқитын боласың?» - деген сұраққа болашақ бірінші сынып оқушылары «беске оқитын боламын» - деп сенімді түрде жауап береді. Жетістік деген түсініктің өзі де салыстырмалы болғанымен, мектепте жетістікке жету, шынымен де, өте маңызды. Кейбір балалар мұндай қиыншылықтарды ешкімнің көмегініңсіз оң - оңай жеңеді. Бірақ басқа да балалар бар – олар үшін мектепке, оның тәртібі мен талаптарына бейімделу оңайға соқпайды. Мектепке бейімделу деген не, соның басын ашып алайық. Психологияда бұл термин баланың ойлауы мен іс - әрекеті оның мектеп ортасына үйлесімді «сәйкестенуіне» мүмкіндік беретіндей өзгеруі деп түсіндіріледі, яғни:

1. Бала өзінің « істегім келедісін» мектептің «істеу керегіне» сәйкес келтіруі керек;
2. тапсырмаларды (кейде балаға онша қызықты емес) өз бетімен орындауға үйренуі керек;
3. мектеп тәртібін сақтауға, онымен есептесуге, өзінің тәртібімен басқа балаларға кедергі келтірмеуге үйренуі керек;
4. достық қарым - қатынас орнатып, оны ұстануға, басқа баланың ұнауына не ұнамауына қарамастан онымен тіл табысуға, тым болмаса қарым - қатынас жасауға үйренуі керек;
5. мектептегі оқуы – оның «жұмысы» екенін, оқушы болу - өте маңызды екенін түсінуі керек!

Ата - аналарға ұсыныс:

1. Баланы жайлап оятыңыз: оянғанда ол сіздің күлімдегеніңізді көріп, еркелеткен дауысыңызды естісін. Таң атпай оны ұсақ - түйекпен асықтырмаңыз, кеше ескерткен болсаңыз да, қателіктері мен жаңсақтықтары үшін кінәламаныз.
2. Баланы мектепке таңғы ассыз жібермеңіз: мектептегі тамақтануға дейін оған көп жұмыс істеу керек болады.

3. Қоштасарда ескерту, ақыл айтыңыз: тентек болма, өзіңді жақсы ұста, бүгін жаман бағалар болмасын және т. б. Балаға сәттілік тіленіз.
4. БҮГІН ҚАНДАЙ БАҒА АЛДЫҢ деген сөзді ұмытыңыз. Мектептен кейін баланы байыпты қарсы алыңыз, оған көп сұрақтар қоймаңыз, босансуға мүмкіндік беріңіз.
5. Егер баланыздың ренжулі, бірақ үндемейтінін байқасаңыз, сұрап кинамаңыз, тынышталғансоң өзі айтады.
6. Мұғалімнің ескертуін ести сала, ұрсысуға асықпаңыз, мұғаліммен баланың қатысуынсыз сөйлесуге тырысыңыз.
7. Мектептен келе балаға сабақ орындауға асықтырмаңыз, күш жинауға 2 - 3 сағат қажет (1 сыныпта 1, 5 сағат ұйықтап алғаны жақсы). Сабақ дайындауға тиімді уақыт - 15 - 17 сағат аралығында.
8. Бір отырғаннан барлық сабақты орындатпаңыз, 15 - 20 минут сабақтан кейін 10 - 15 минут үзіліс қажет.
9. Сабақ орындағанда үстінен төніп тұрмаңыз, өзіне жұмыс істеуге мүмкіндік беріңіз, бірақ сіздің көмегіңіз керек болғанда сабырлық сақтаңыз. Байыпты сөйлеп, қолдау, мақтау қажет.
10. Баланың бас ауруына, шаршауына, көңіл - күйінің нашарлауына шағымдansa, назар салыңыз. Бұл көбінде кажудың, сабақтағы қиналудың басты көрсеткіштері болады. Ата- аналар жарыс сөзге шығып, 1 класка , 5 класка бейіделу процестеріндегі кездесіп отырған проблемалармен бөлісті. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша хабарламашыларға сұрақтар қойып, пікірлесу алағында белсенділік танытты. Өртүрлі мәселелер бойынша ата- аналар сұрақтар қойып, мектеп директоры А. Абжалелова 2022-2023 оқу жылының басты жаңалықтары, оқу бағдарламаларындағы өзгерістер, оқушы тасымалының ұйымдастыру жұмыстарының барысы туралы көптеген ағымдағы мәселелерге тоқталды. Жалпы мектепшілік ата- аналар комитетін қайта сайлауды жалпы ата- аналар назарына ұсынып, көпшілік дауыс беруімен сайланды.

Күн тәртібінбегі мәселелерді талқылай келе,


Ата –аналар жиналысы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2022-2023 оқу жылының басты өзгерістері мен жаңалықтары назарға алынып, ҰБТ-ге дайындық жұмыстарына ата- аналар тарапынан қадағалау мен қолдау көрсетілсін.
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесіндегі басты талаптар ата- аналар тарапынан қатан бақылансын және орындалсын.
3. Мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мәліметтері негізінде ата- аналар тарапынан және мектеп тарапынан бақылау күшейтілсін.
4. Балаға психологиялық қолдаудың жеткілікті орындалуына жауапкершілік назарда ұсталсын. Мектеппен байланыс жандандырылсын.

Ата- аналар комитет төрағасы:

Хатшы



 А. А. Сайғабаева



Нравится: 39

69_mektep 2022 жылғы 13 қыркүйегі күні №69 жалпы білім беретін орта мектебі КММ бойынша 5 класс ата-аналарына арналған "Бала қауіпсіздігі-басты назарда" тақырыбында ата-аналар жиналысы болып өтті. Жиналыста 5 класс оқушыларының негізгі буынға бейімделуі, мектептің типтік ережесі, мектеп формасының сақталуы, оқушылардың сабақтан бос уақытындағы үйірме кестелері туралы мәселелер қаралды. Жиналысқа мектеп инспекторы Н.Қиюбек жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу шаралары, "Қауіпсіз маршрут" құру туралы кеңес берді. Жиналыста мектеп психологы



Нравится **u_plity** и еще 21

69_mektep 19 қыркүйек күні "Бала қауіпсіздігі басты назарда" тақырыбымен 9, 10,11 сыныптар ата-аналарына арналған жалпы жиналыс өткізілді. Күн тәртібінде

1. "2021-2022 оқу жылының қорытындысы:ҰБТ, жаңалықтар мен өзгерістер
2. Мектептің ішкі тәртіп ережелері
3. Жасөспірімдер мен мектеп оқушылары арасында